

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
№204 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №204 ИМЕНИ
Ы.АЛТЫНСАРИНА ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Қазақстан Республикасы, 120400, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Михайлюк көшесі, № 5* үй,
тел: 8 (72438) 22-5-80 email: Kazaly_204@mail.kz

Республика Казахстан, 120400, Кызылординская область,
Казалинский, кент Айтеке би, улица Михайлюк, д № 5
тел: 8 (72438) 22-5-80 email: Kazaly_204@mail.kz

«29» тамыз 2024 жыл

№219-нқ

**Бір мезгіл ыстық тамақты
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің 1-11 сыныптар бойынша әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мектеп оқушыларына бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы №2 қаулысының №1 қосымшасының және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының №46 қосымшасының тармақтарында көрсетілген мектеп асханасындағы қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тулемисоваға бекітілсін.

3. Ыстық тамақ білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес нормаға сай, сапалы дайындалуын, уақытылы берілуін және балалардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қатаң қадағалау, санитарлық – гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау мектеп медбикесі Р.Сағымбаеваға міндеттелінсін.

4. Берілетін тамақтың бекітілген ас мәзіріне сәйкес, балалардың жас ерекшелігіне байланысты норманы сақтап, сапалы, дәмді етіп, уақытылы дайындау аспазшыларға міндеттелінсін.

5. Сырттан әкелінген оқушыларға берілетін тағамдардың сапасын тексеру және күнделікті дайындалатын ас мәзірін бекіту және ас мәзіріндегі тағамдардың нормаға сай жүргізілуі тәрбие ісінің меңгерушісі Г.Тулемисова мен мектеп медбикесі Р.Сағымбаеваға міндеттелінсін.

6. Асхананың санитарлық-гигиеналық тазалығы мен техникалық қауіпсіздігінің сақталуын, су, электр жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауын қадағалап отыру мектептің шаруашылық жөніндегі орынбасары Б.Сәрсенге міндеттелінсін.

7.Мектептің ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларының «Жалпыға міндетті оқу қаржысын» игеру мақсатында құрылған комиссияның шешіміне сәйкес тізімін нақтылап, есепке алынуын қадағалау, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және талапқа сай берілуін бақылап отыру әлеуметтік педагог Г.Пірімжарова жүктелінсін.

8.Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың күнделікті ыстық тамаққа баруын бақылап отыру комиссия мүшелеріне міндеттелінсін.

9.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын



Мектеп директоры:

Л.Ізбасқан